**Заңды тұлға құрмай кәсіпкерлікпен айналысатын жеке тұлғаларға арналған құжаттама тізімі**

| № | Құжаттың атауы |
|---|---|
| 1. | Принципал қол қойған және оның мөрімен (бар болуы жағдайында) куәландырылған банк кепілдігін алу өтініші |
| 2. | Принципал қол қойған және оның мөрімен куәландырылған сауалнама *(қажет болған жағдайда)* |
| 3. | Кредит тарихы субъектісінің келісімі |
| 4. | Сатып алу аясындағы Келісімшарт/Шарт/Конкурстық құжаттама (барлық толықтырулары/өзгертулері ескерілген)/Кеден баждарын, салықтарды төлеу бойынша қамтамасыз ету сомасының есептелуін растайтын құжаттар (кеден декларациясы/кеден органының хаты/өзге құжаттар, есептеулер) |
| 5. | Мемлекеттік электронды рұқсаттар мен хабарламалар тізілімінен алынған үзінді/лицензиялар/рұқсаттар (жүзеге асырылатын қызмет лицензиялануға тиіс/қызметті жүзеге асыру үшін рұқсат алу немесе хабарлама жолдау керек болатын жағдайлар)/қызметтің лицензияланбайтыны туралы арыз |
| 6. | Принципалдың жеке куәландыру құжаты |
| 7. | Принципалдың мемлекеттік тіркелу (қайта тіркелу) фактісін растайтын, тіркеу органының тарапынан берілген, белгіленген нысандағы құжат (жеке тұлға жеке кәсіпкер ретінде 31.12.2016 жылға дейін тіркелген жағдайда беріледі) |
| | Жеке кәсіпкер ретінде қызметті бастау туралы хабарламаның тіркелуін растайтын, e-license электронды лицензиялау порталы арқылы алынған талон (жеке кәсіпкер өз қызметін бастауы туралы хабарламаны e-license электронды лицензиялау порталы арқылы жіберген жағдайда) (жеке тұлға жеке кәсіпкер ретінде 01.01.2017 жылдан бастап тіркелген жағдайда беріледі) |
| 8. | Принципал қолының және мөр бедерінің үлгілері бар құжат (бар болуы жағдайында) |
| 9. | *Принципалдың атынан шарттарға сенім білдірілген тұлға қол қойған жағдайда:*<br>1) Қойылған қолының(-дарының) түпнұсқалығын нотариус куәландырған сенімхат;<br>2) Сенім білдірілген тұлғаның жеке куәландыру құжаты |
| 10. | *Шаруа (фермерлік) қожалықтардың жағдайында қосымша тәртіпте:*<br>1) жер телімі құнының төленуін растайтын төлем құжаттарымен бірге жер теліміне қатысты құқық белгілеуші құжат/жер пайдалану құқығы (жер теліміне қатысты құқықтың туындауын растайтын құжат, соның ішінде, шарттар, сот шешімдері, атқарушы органдардың құқықтық актілері, мұраға құқық туралы куәлік, жеке меншік құқығында жер телімін иеленетін немесе уақытша ақылы жер пайдалану құқығын сатып алған мемлекеттік емес заңды тұлғалардың қайта ұйымдастырылуы кезіндегі бөлу теңгерімі немесе табыстау актісі, қабылдау-табыстау актілері және т.б.);<br>2) жер теліміне қатысты сәйкестендіру құжаты;<br>3) шаруа (фермерлік) қожалықтың мүшелері шаруа (фермерлік) қожалықтың басшысына Банкте шаруа (фермерлік) қожалық мүшелерінің мүдделеріне өкілдік ету мақсатында берген, нотариус куәландырған сенімхат;<br>4) қарапайым серіктестіктің мүлкіне иелік ету құқығымен Банкте серіктестіктің мүдделеріне өкілдік ету мақсатында қатысушылардың біреуіне бірлесіп қызмет ету шартының қатысушылары берген, нотариус куәландырған сенімхат;<br>5) (қарапайым серіктестік нысанында құрылған фермерлік қожалықтың жағдайында) қарапайым серіктестік қатысушылары қолдарының түпнұсқалығын куәландыру туралы нотариустың жазбасымен куәландырылған, қарапайым серіктестік қатысушыларының жалпы жиналысының қаржыландыруды алу туралы шешімі;<br>6) (отбасылық кәсіпкерлік нысанында құрылған шаруа қожалықтарының жағдайында) шаруа қожалығының мүшелері қолдарының түпнұсқалығын куәландыру туралы нотариустың жазбасымен куәландырылған, шаруа қожалығы мүшелерінің жалпы жиналысының қаржыландыруды алу туралы шешімі;<br>7) бірлесіп қызмет ету шарты — қарапайым серіктестік нысанында құрылған фермерлік қожалық жағдайында қолданылады<br>8) мемлекеттік кірістер органы куәландырған шаруа немесе фермерлік қожалық мүшелерінің тізімі (Принципал банк кепілдігін ашу мақсатында арыз берген күннен ерте болмайтын күні берілу тиіс) |
| 11. | БКШ бойынша міндеттемелердің орындалмауы жағдайындағы жұбайының ақшаны кепілге салуға және олардың есептен шығарылуына келісімі/Ақшаны кепілге салу мезетіндегі отбасы жағдайы туралы арыз. Принципалдың жұбайы болған жағдайда, жұбайының жеке куәлігінің көшірмесін және неке қию туралы куәліктің көшірмесін ұсыну қажет. |

Ескертпе: Тізім минималды болып келеді және, қажеттілік туындаған жағдайда, Банк қосымша құжаттаманы сұрау құқығын өзіне қалдырады.